

«ФРИДОМ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖИНАҚ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША «ЖИНАҚ ДЕПОЗИТІ АШЫЛҒАННАН KEЙІН БАНК ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМДЕР ҮШІН CASHBACK» АРНАЙЫ ҰСЫНЫСЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

1. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

1.1. «Жинақ депозиті ашылғаннан кейін Банк қаражаты есебінен қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін Cashback» арнайы ұсынысының (бұдан әрі – Арнайы ұсыныс) ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) болып табылады.

1.2. Арнайы ұсынысты өткізудің мақсаты – жаңа салымшыларды тарту, қазіргі клиенттердің ниеттестік деңгейін арттыру және жеке тұлғаларға арналған жинақ депозиттері бойынша сату көлемін ұлғайту болып табылады.

1.3. Арнайы ұсыныс Клиент Банктің Freedom SuperApp мобильді қолданбасы (бұдан әрі – «SuperApp») арқылы 3 немесе 6 ай мерзімге теңгемен ашылған «Капитал» немесе «Стратегия» жинақ салымын (бұдан әрі – «Депозит») ашқан күннен бастап кезеңде төлем картасымен сомасы 100 теңгеден басталатын алғашқы қолма-қол ақшасыз транзакцияны¹ жасағаны үшін cashback (бұдан әрі – «Cashback») түрінде табыс төлеуді көздейді.

1.4. Осы Арнайы ұсынысты өткізу шарттары шеңберінде cashback деп Арнайы ұсыныс шеңберінде алғашқы қолма-қол ақшасыз транзакция жасалғаннан кейін Банк Клиентке есептейтін біржолғы cashback түсініледі. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларына сәйкес cashback есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады, кейіннен Клиенттің келісімі болған жағдайда Freedom инвестициялық валютасына / ETN-ге конвертацияланады, бұған Банк Клиенттердің жекелеген санаттары үшін тек ұлттық валютада – теңгемен cashback есептеуді көздеген жағдайлар қосылмайды.

Cashback «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларында көзделген cashback есептеу шарттарына кірмейді және оны Клиент аталған «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларында белгіленген шарттарда және тәртіппен пайдалана алады.

2. ҰСЫНЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

2.1. Арнайы ұсыныстың қатысушылары – Арнайы ұсыныс іске қосылған күнге Банкте кез келген валютада қолданыстағы жинақ депозиттері жоқ, арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде SuperApp мобильді қосымшасы арқылы депозит ашатын және Депозит ашылғаннан кейін арнайы ұсыныс кезеңі ішінде 100 теңгеден бастап транзакция жасайтын, бұл ретте кепілді түрде cashback алатын Қазақстан Республикасының азаматтары – жеке тұлғалар болып табылады.

Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңінде SuperApp мобильді қолданбасы арқылы 3 немесе 6 ай мерзімге теңгемен жинақ депозитін ашу қажет. Депозит ашылғаннан кейін Арнайы ұсынысты өткізу мерзімі ішінде банк картасымен сомасы 100 теңгеден басталатын қолма-қол ақшасыз төлем жасау керек.

Аталған шарттар орындалған жағдайда клиентке кепілді cashback есептеледі;

2.2. Cashback алу үшін Депозитті ашудың ең төменгі сомасы = 500 000 теңге;

2.3. Cashback мөлшері Депозиттің бастапқы сомасына қарай айқындалады:

- 500 000 теңгеден (қоса алғанда) 1 000 000 теңгеге дейін – 5 000 теңге cashback;
- 1 000 001 теңгеден (қоса алғанда) 1 500 000 теңгеге дейін – 10 000 теңге cashback;
- 1 500 001 теңгеден (қоса алғанда) және одан жоғары – 20 000 теңге cashback.

2.4. Cashback сомасы Депозит ашылған күннен бастап Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңінде Клиент банк картасымен сомасы 100 теңгеден асатын қолма-қол ақшасыз транзакция жасаған жағдайда, депозиттің бастапқы сомасына қарай айқындалады;

2.5. Арнайы ұсыныс бойынша берілетін cashback-тен бөлек, егер клиент арнайы ұсыныс шарттарына қосымша осы қағидаларды сақтаған жағдайда, клиент «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларына сәйкес те cashback алады;

2.6. Арнайы ұсыныс шеңберінде Банк транзакциядан бас тартылған, тауар қайтарылған немесе рұқсат етілмеген операция анықталған жағдайларда – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларына сәйкес есептелген cashback-тің күшін жоюға құқылы;

2.7. Арнайы ұсынысқа қатысатын өнімдердің түрлері – 3 немесе 6 ай мерзімге теңгемен ашылған, толықтыру құқығы бар және толықтыру құқығы жоқ жеке тұлғаларға арналған «Капитал» және «Стратегия» жинақ депозиттері;

2.8. Банк қызметкерлері және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар арнайы ұсыныстың қатысушылары бола алмайды;

2.9. Арнайы ұсынысқа оны іске қосу күніне кез келген валютада қолданыстағы жинақ депозиттері жоқ клиенттер қатысады;

2.10. Бір уақытта екі және одан да көп жинақ салымы ашылған жағдайда, cashback бірінші ашылған салым сомасына есептеледі;

2.11. Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңінде Клиент келесі шарттар сақталған жағдайда екі реттен көп емес cashback алуға құқылы:

¹ Транзакция – Карта ұстаушының Сауда/қызмет көрсету кәсіпорнынан немесе Серіктестен Тауар сатып алу үшін Төлем картасын не оның реквизиттерін пайдалана отырып жасаған операциясы. Ақша аудару бойынша операциялар, сондай-ақ тізбесі «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Ниеттестік бағдарламасы қағидаларына № 1 қосымшада белгіленетін өзге де операциялар транзакцияларға жатпайды.

- 2.11.1. Арнайы ұсыныс шеңберінде бұрын ашылған жинақ депозитінің мерзімі аяқталған болуы тиіс, одан кейін клиент Арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңінде екінші жинақ салымын аша алады;
- 2.11.2. Әрбір салым бойынша cashback есептелуі үшін Арнайы ұсыныс кезеңінде банк картасымен сомасы 100 теңгеден басталатын транзакция жасалуы қажет.

3. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 3.1. Арнайы ұсыныс ол іске қосылған сәттен бастап **2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін** қолданылады (бұдан әрі – арнайы ұсыныстың қолданылу кезеңі);
- 3.2. Арнайы ұсынысты өткізу орны (аумағы) – Қазақстан Республикасының аумағы.

4. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін:
- 4.1.1. Осы Шарттардың 2-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес ең төменгі сомамен SuperApp арқылы 3 немесе 6 ай мерзімге теңгемен жеке тұлғаларға арналған жаңа «Капитал» немесе «Стратегия» жинақ депозитін ашу;
- 4.1.2. Осы Шарттардың 2-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес тиісті депозит ашылғаннан кейін Арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде төлем картасымен сомасы 100 теңгеден басталатын қолма-қол ақшасыз транзакция жасау қажет.

5. CASHBACK ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ КЛИЕНТТЕРДІҢ АЛУ МЕРЗІМДЕРІ

- 5.1. Cashback есептеу және есепке қосу осы Шарттардың 2-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті Депозит ашылғаннан кейін транзакция жасалған дәл сол операциялық күнде жүзеге асырылады.
- 5.2. Депозит мерзімінен бұрын жабылған жағдайда, Банк төленген cashback сомасын жабылатын өнімнің құнынан ұстап қалмайды.

6. ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 6.1. Арнайы ұсыныстың қатысушылары оны өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарын salem@freedombank.kz электронды мекенжайы бойынша немесе +7 776 1 595 595 және 595 ақпараттық желілеріне жолдай алады;
- 6.2. Банк арнайы ұсыныс қатысушыларының талап-тілектері бойынша шешімді олар алынғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шығарады.

7. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

- 7.1. Арнайы ұсынысқа қатысу фактісі қатысушының осы шарттармен толық танысқанын және олармен келісетінін растайды;
- 7.2. Банк кез келген уақытта арнайы ұсыныстың күшін жою немесе оны ұзарту, cashback мөлшерін өзгерту, сондай-ақ осы шарттарды өзі қажет деп санағандай өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк арнайы ұсыныс шарттарының өзгергені туралы ақпаратты SuperApp арқылы қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді;
- 7.3. Банк арнайы ұсыныстың қатысушыларын хабардар ету жүзеге асырылатын ұялы байланыс операторларының жұмысына, ұялы байланыстағы кез келген қателерге, Интернет желісі жұмысының іркілістеріне жауапты болмайды.